

*А. С. Рамазанова, тілдік дайындық кафедрасының оқытушысы, полиция капитаны  
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

## ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫ ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Қазіргі кезде адамзат дамуының ерекше артықшылығы — ақпараттық өркениетке көшуі, яғни адамдардың интеллектуалдық мүмкіндіктерін арттыратын есептеуіш техника мен ақпараттық технологиялардың жедел дамуына қол жеткізу. Қоғамды ақпараттандыру — Қазақстан дамуының маңызды бағыттарының бірі болып саналады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында «Онлайн тәсілінде оқыту тәжірибесін дамытып, елімізде оқу теледидарын құру қажет», — деп атап көрсетті<sup>1</sup>. Елбасы атап көрсеткен міндеттерді жүзеге асыру мақсатында электрондық телекоммуникациялық құралдарды, электронды оқулықтар мен онлайн режиміндегі сабақтарды оқу үрдісінде тиімді пайдалану жұмыстары оң жолға қойылды.

Қашықтықтан білім беруді дамыту үшін электрондық ақпараттық білім беру ресурстарын жүйелі жинақтау өте маңызды. АКТ негізінде электрондық оқулықтарсыз қашықтықтан оқытуды дамыту мүмкін емес. Сондықтан да Білім және ғылым министрлігі ақпараттық ресурспен қамтамасыз етуге үлкен мән бере отырып барлық күшті білім беруде электрондық контенттің мазмұнын дайындауға бағыттады. Оқытудың ең тиімдісі — электрондық және мультимедиалық оқулықтардың қашықтықтан оқыту жағдайында білімнің негізгі ақпаратты құралы екені даусыз. Өйткені электрондық оқулық тек қана ақпарат көзі ғана емес, сонымен қатар оқыту функциясында жүйелі байланыс қызметін атқарады.

Электронды оқыту дегеніміз — барлық электронды, мәтін, графика, аудио және бейне жазбаларды қолдана отырып оқытуды айтамыз. Оның ерекшелігі ретінде — компьютерге белгілі бір бағдарлама арқылы әзірленген, ғаламтор желісі арқылы оқу материалдарын кез келген уақытта және кез келген жерде пайдалану. Сонымен қоса, тыңдаушылар ғаламтор тораптарында берілетін тапсырмалар мен жаттығуларды орындай алады, үйреніп жүрген тілінде электронды пошта арқылы хат алысады. Ақпаратты қандай да арақашықтыққа тез арада жеткізу, алыстағы ақпарат көздерін пайдалану мүмкіндігі, интерактивтілік іздеу жүйелері арқылы және өз бетімен іздеу, алынған материалдарды түрлі тасушыларға ауыстырып салу және т. б. сияқты ғаламтордың артықшылықтарын пайдаланылады.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында былай делінген: Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды — педагогтардың құзыреттіліктерін қамтамасыз ету үшін ұйымдастыру, электрондық оқыту жүйесін пайдаланушыларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру қажет<sup>2</sup>. Осыған байланысты қашықтықтан оқыту арқылы білім беру саласындағы қызметкерлердің квалификациясын көтеру өте маңызды. Онлайн режиміндегі интерактивті сабақтарға педагогтардың белсенді қатысуы, Интернет технологияларды педагогтардың кәсіби шеберліктерін жетілдіруде қолдануы — қашықтықтан оқытуды дамытудың бірден-бір жолы.

Қашықтықтан оқыту жүйесінің рөлі білім саласы үшін өте жоғары, себебі бұл жүйе арқылы оқытушылар мен білім алушылар әлемдік ақпараттармен байланысуға, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шыңдауға зор мүмкіндік алады. Қашықтықтан оқытудың ақпараттық мәдениет деңгейіндегі дидактикалық бағдарламалар білім саласында оқытуды басқару мен бақылауды автоматтандыру, білім алушыға өз бетінше қайталанбайтын көп нұсқалы, көп деңгейлі дидактикалық шарттар негізінде тапсырмалар беру, білім мен дағдыны объективті бағалау, ерекше ақпараттық материалдарды мультимедиалық формада беру, қашықтықтан оқытудың материалдарын өз бетінше игеруге және білім алушының жеке ерешеліктеріне қарай таңдауға мүмкіндік береді.

Интерактивті сабақтар оқып үйренушілер арасында үлкен қызығушылық туғызады. Республиканың көптеген аймақтарының жоғары оқу орындарында ғаламтор арқылы қашықтықтан оқыту бағдарламалары, оқыту курстары тәжірибеде қолданылып келеді. Сонымен қатар онлайн режимінде конференциялар, форумдар, семинарлар өткізіп, біліктілікті арттыру курстарында табуға болады.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоғары оқу орындарында электронды оқытуды жандандыруға баса назар аудару қажет.

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауы.

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.